

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы-Ректорының
 «06» 11 2024 жылғы
 №05-04/779 бүйрүғымен
 бекітілген

Шетел тілі (Intermediate) пәні бойынша студенттерге арналған аралық бақылаудың тест спецификациясы
 (2024 жылдан бастап қысқы және көктемгі сессияға қолдану үшін)

Тест мақсаты: Студенттердің дайындық деңгейлерін анықтау.

Тест міндеті: «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамында білім алуды жалғастыру үшін Шетел тілі (Intermediate) пәні бойынша білімді менгеру деңгейін бағалау.

Тест мазмұны: Тест мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес Шетел тілі (Intermediate) пәні бойынша негізгі материалдарды қамтиды.

№	Тақырып	Тест тапсырмалағының түрі	Қыындық деңгейі		
			A	B	C
1-семестр					
1.	1A Speaking: Eating in ... and out Reading: Eat and drink – but at the right time! Grammar: Present Simple and Continuous, action and non-action verbs.	Бір дұрыс жауапты тандауға арналған	50%	30%	20%
2.	1B Speaking: Modern families Reading: How birth order influences your personality. Grammar: Future forms: Present Continuous, be going to, will/won't.	Бір дұрыс жауапты тандауға арналған	12	9	4
3.	Practical English: Meeting the parents Introduction.Reacting to what people say Harry finds out more about Rob	Бір дұрыс жауапты тандауға арналған	12	9	4
4.	2A Reading: One woman's 'no-spend year', and how she survived.	Бір дұрыс жауапты	12	9	4

	Grammar: Present Perfect and Past Simple.	таңдауға арналған			
5.	2B Listening: Changing lives Grammar: Present Perfect + for/since, Present Perfect Continuous. Reading: The polar challenge.	Бір дұрыс жауапты тандауға арналған	12	9	4
6.	3A Speaking: Survive the drive Reading and Listening: TopGear challenge. Grammar: Choosing between Comparatives and Superlatives.	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тандауға арналған	10	6	4
7.	3B Speaking: Men, women, and children Reading: Common stereotypes about men and women – but are they really true? Grammar: Articles: a/an, the, no articles.	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тандауға арналған	10	6	4
8.	Practical English: A difficult celebrity Rob's interview Giving opinions A surprise for Kerri	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тандауға арналған	10	6	4
9.	4A Speaking: Bad manners? Grammar: Obligation and prohibition: have to, must, should. Reading: Debrett's guide to modern dilemmas.	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тандауға арналған	10	6	4
10.	4B Speaking: Yes, I can. Grammar: Ability and possibility: can, could, be able to. Listening: Matt Rudd learns the trumpet.	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тандауға арналған	10	6	4
11.	5A Speaking: Sporting superstitions Grammar: Past tenses: simple, continuous, perfect.	Мәнмәтіндік тапсырмалар	2	2	1
12.	Reading: Do 'lucky socks' really work? Grammar: Past and present habits and states	Мәнмәтіндік тапсырмалар	2	2	1
13.	5B Reading and speaking: # thewaywemet Listening: Surprising facts about friendship	Мәнмәтіндік тапсырмалар	2	2	1

14.	Practical English: Jenny has coffee with a friend Permission and requests Paul arrives	Мәнмәтіндік тапсырмалар	2	2	1
15.	Old friends: -use different expressions to ask permission to do something and respond -greet someone you haven't seen for a long time	Мәнмәтіндік тапсырмалар	2	2	1

Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қындығы: тест тапсырмаларының қындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (A) – 50 %, орташа деңгейде В – 30 %, жоғары деңгейде С – 20 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

Тесттегі тест тапсырмаларының саны:

Тест Шетел тілі (Intermediate) пәні бойынша 25 тест тапсырмаларынан тұрады оның ішінде:

- 10 бір дұрыс жауапты тандауға арналған тест тапсырмалары оның ішінде, төрт жауаптың ішінде бір дұрыс жауапты тандауға арналған тест тапсырмалары, екі жауаптың ішінде бір дұрыс жауапты тандауға арналған альтернативтік тест тапсырмалары;

- бір дұрыс жауапты тандауға арналған 3 тест тапсырмаларынан тұратын 5 мәнмәтін;

- 10 алты жауаптың ішінде бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тандауға арналған тест тапсырмалары бар.

Тапсырмалар мазмұнының сипаттамасы

Тест тапсырмалары ойлау мен талдаудың қалыптасуын, қазіргі саяси үдерістерді түсіну үшін білім мен дағдыларды пайдалану біліктілігін тексеруге бағытталған. Шетел тілі (Intermediate) пәнінің тесті студенттердің ағылшын тіліндегі сөздік қорын, грамматикалық құрылымдарды, оқылым, тыңдалым, сөйлеу және жазу қабілеттерін / айтылым және жазылым дағдыларын /жетілдіру үшін арналған. Әр модульде студенттер шынайы өмірдегі жағдайларға негізделген тақырыптарды зерттең, тілдік дағдыларын кеңейтеді.

Қабілеттер:

1. Білу (Түсіну және Танысу):

Негізгі грамматикалық құрылымдарды (мысалы, Present Simple және Continuous, Perfect Tenses, Future Forms) танып білу, күнделікті өмірдегі әртүрлі жағдайларда қолдану.

Сөздік қорын кеңейту және оны нақты контексте дұрыс қолдану: мысалы, «Дұрыс уақытылы тамақтану», «Сандық детокс», және «Цифрлы өмірді реттеу» тақырыптарымен танысу.

2. Талдау (Грамматика және Тілді Қолдану):

Әртүрлі грамматикалық формаларды түсіну, қолдану: салыстырулар (Comparatives және Superlatives), пассив түрі, шартты сөйлемдер (Conditionals), модальді етістіктер, және есепті сөйлемдер????.

Сөйлеу дағдыларын жетілдіру үшін пікір алмасу, ұсыныстар жасау, келісім және рұқсат сұрау сияқты коммуникативтік әрекеттерді орындау.

Студенттерге практикалық тіл дағдыларын қолдану мүмкіндігін беру, мысалы, қызмет көрсетудің нашарлығы туралы шағым айту немесе өнімді таныстыру.

3. Менгеру (Күрделі Тапсырмаларды Орындау және Интеграция):

Тілді терең түсіну және қолдану, мысалы, күрделі әңгімені құру және тындаған мәліметтерді талдау.

Әртүрлі тақырыптар бойынша мәтіндерді оқу және түсіну, мысалы, сандық детоксты талқылау немесе тарихи икондар туралы әңгімелу.

Күрделі грамматикалық құрылымдарды, мысалы, үшінші шартты сөйлемді қолдану, талдау және оны әртүрлі контексттерде дұрыс қолдану.

Бұл тест студенттердің тілді түсіну қабілетін арттырады, күрделі тақырыптар бойынша ой өрбітуге, кең ауқымды сөздік қорын менгеруге және өз пікірлерін нақты әрі айқын жеткізуге мүмкіндік береді.

Тест тапсырмаларын орындау уақыты

Тест тапсырмасының орындалу уақытының орташа ұзақтығы – 1,5 минутты, жалпы тестті орындау уақыты – 40 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

Тест тапсырмаларының формасы

Төрт жауаптың ішінде бір дұрыс жауапты тандауға арналған тест тапсырмалары, екі жауаптың ішінде бір дұрыс жауапты тандауға арналған альтернативтік тест тапсырмалары және алты жауаптың ішінде бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тандауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.